


«Келісілді»

Директордың оқу өндірістік
жұмыстары жөніндегі орынбасары

 Қ.О. Бердигалиев

«09» 04 2021 жыл



«Бекітемін»

Ақтөбе құрылыс және
бизнес колледжінің директоры

 Н.З. Унбаев

«09» 04 2021 жыл

«Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжі» МКҚК Индустриялық кеңес қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ

1. «Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжі» МКҚК Индустриялық кеңес қызметі туралы Ережесі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №566 бұйрықтың қосымшасына сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным» негізінде әзірленді.
2. Индустриялық кеңес қызметінің негізгі мақсаты ТжКБ ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультациялары мен ұсынымдар беру болып табылады.
3. Индустриялық кеңес қызметінің негізгі міндеттері:
 - ТжКБ білім беру бағдарламаларының өзектілігін қаматасыз ету үшін мазмұнын қарастыру;
 - Өндірістік-тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру және түлектерді жұмыспен қамту мәселелерін жақсарту мақсатында мекемелермен тығыз байланыс жасауға жәрдемдесу;
 - Түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;
 - Жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктері туралы кеңес беру;
 - Оқу процесіндегі мамандықтарға сәйкес кәсіпорындарды тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;
 - Білім алушыларды жетістіктеріне қарай стипендиялар мен сыйлықтар тағайындауға жәрдемдесу;
 - Колледждің оқу кабинеттеріне, шеберханаларына, зертханаларына қажетті оқу-өндірістік жабдықтар бойынша консультация беру;
 - Әлеуметтік серіктестіктермен қарым-қатынастар дамытуда оқу орына көмектесу.
4. Индустриялық кеңестің негізгі қызметі:
 - Кәсіпорындардың талаптарына сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;
 - Бітірушілердің кәсіпорында бейімделу мерзімін қысқарту;
 - Орта мерзімді перспективада өзінің білім беру күш-жігерінің нәтижесінде салынған капиталдан үлкен қайтарымға қол жеткізу;
 - Қосымша оқытуға жұмсалатын шығындарды төмендету;
 - Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және оқу орнын оқыту бағдарламасын нақты өндіріске қайта бағдарлау;
 - Колледжге демеушілік көмек көрсетуге ықпал ету;

- Өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде еңбекақы төлеу мәселесін шешу;
 - Өндірісте (машиналар, қондырғылар, жұмыс процестері және т.б.) нақты жағдайларда оқытуды ұйымдастыру мәселесін шешу;
 - Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімін қамтамасыз ету;
 - Бітіруші түлектердің мамандыққа сәйкес жұмыспен қамтылу пайызын көтеру;
 - ТЖКБ жүйесін тиімді басқару және сапасын қамтамасыз ету.
5. Индустриялық кеңес мүшелері мамандыққа сәйкес мекеменің өкілдерінен құралады. Оның төрағасы осы кеңес мүшелерінің ішінен сайланады. Ол индустриялық кеңес қызметіне басшылық етіп, жұмысын жоспарлайды және шешімдерін іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның қызметтерін орынбасары орындайды. Индустриялық кеңес құрамына дауыс беру құқығы жоқ консультанттар болып, колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері және оның білім алушылары мен түлектері кіреді.
 6. Индустриялық кеңес мамандықтарға сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша кеңес беретін комитеттерден тұрады. Әрбір комитет қаралатын бағдарламаға сәйкес келетін нақты кәсіби саламен байланысты тәжірибесі мен білімі бар тиісті компаниялардың, кәсіпорындардың, білім беру ұйымдарының мамандары болып табылатын 6-12 тағайындалған мүшелерден тұруы мүмкін.
 7. Колледж индустриялық кеңестің қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді:
 - 1) Индустриялық кеңес отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;
 - 2) Индустриялық кеңестің барлық шешімдерін рәсімдеуді қамтамасыз етеді;
 - 3) Колледж бен индустриялық кеңес мүшелері арасындағы жұмысты үйлестіреді.
 8. Индустриялық кеңес және бағдарлама комитеттері отырыстарының ұсынымдарын іске асыру үшін құзыреттілік орталық меңгерушісі жауапты болады.
 9. Төраға индустриялық кеңес пен комитеттердің отырыстарын шақырып, бағдарламаның тиісті жетекшісімен кеңес беру бойынша күн тәртібін айқындайтын болады.
 10. Комитеттердің отырыстары төрағаның немесе комитеттердің мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша жиі кездесу мүмкіндігімен жылына кемінде бір рет өткізілуі мүмкін.
 11. Дауыс берушілердің 50% қатысса, кворум заңды болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие болады.